

ДІН ЖОЛЫНА ТҮСКЕН СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Урдабаева Л.Е. – тарих ғылымдарының кандидаты, психология магистрі, доцент, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Мақалада жастардың құндылық бағдары қарастырылған. Жастар – бұл өзіне лайықты әлеуметтік, жас ерекшеліктік, психологиялық қасиеттер мен әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму деңгейі мен қоғамдағы әлеуметтену ерекшеліктерімен шарттандырылатын әлеуметтік құндылықтарға ие әлеуметтік-демографиялық топ. Жастарды әлеуметтік субъект ретінде ерекшеленудің мағыналық құрауыштары келесілер: құқықтық қабілеттілік (қылмыстық жауапкершілік), азаматтық-саяси қабілеттілік, діни құндылықтар мен өмір мәнін айқындау мен белсенді түрде қол жеткізу, кәсіби тұрғыда өзін айқындау және сәйкесінше әлеуметтік-кәсіби дәрежеге қол жеткізу. Дәл осы себепті жас буын – бұл халықтың, мемлекеттің, жер шарының болашағы. Оған үміт артады, олардан батыл әрекеттер мен идеялар күтіледі. Осы себепті де жастардың рухани-өнегелік тәрбиесі мен жетілуіне аса мән беру қажет. Құндылық - мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының елеуші іспетті. Құндылықтарды мүдделердің қарапайым жалғасы немесе бейнеленуі ретінде қарастыруға болмайды.

Кілтті сөздер: дін, жастар, құндылық бағдары

ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РЕЛИГИОЗНОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Урдабаева Л.Е. - кандидат исторических наук, магистр психологии, доцент, Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

В статье рассматривается ценностные ориентации современной студенческой молодежи, вставшей на путь религии, основные факторы, влияющие на формирование жизненных ориентиров. Социально – политическая и экономическая трансформация казахстанского общества не могла не затронуть систему ценностей и ценностных установок молодежи, которая является активной действующей силой всех социальных процессов. В связи с этим большое внимание уделяется проблеме ценностей молодежи, которые определяются как стабилизирующие элементы общественного сознания, социального взаимодействия и образцы поведения индивида в обществе. Сегодняшняя молодежь вступает в самостоятельную жизнь в очень сложное и динамичное время. В социальных науках, и в том числе и в психологии, данная проблема продолжает оставаться достаточно актуальной, поскольку ее решение связано с системой жизнедеятельности личности и социальных групп. Ценности являются энергетическими узлами, точками эмоционального приложения в отношениях с миром и в то же время основой механизма мотивации социального поведения людей. Именно ценности обеспечивают интеграцию общества, помогая индивидам осуществлять социально одобряемый выбор своего поведения в жизненно значимых ситуациях.

Ключевые слова: религия, молодежь, ценностные ориентации.

VALUE ORIENTATIONS RELIGIOUS STUDENTS

Urdabaeva L.E. candidate of history sciences, Master of Psychology, Associate Professor, A.Baitursynov Kostanay State University

The article discusses the value orientation of contemporary college students on the path of religion, the main factors affecting the development of life orientations. The transformation of Kazakh society could not affect the system of values and values of young people, which is the active force of all social processes. In this connection, much attention is paid to the values of young people, which are defined as stabilizing elements of social consciousness, social interaction and behavior patterns of the individual in society. In the social sciences, and also in psychology, the problem continues to be quite relevant, because its decision is connected with the system of life of the individual and social groups. Values are centers of energy, emotional attachment points in relations with the world and at the same time the basis of the mechanism of motivation of social behavior. This value provides social integration, helping individuals to carry out socially approvable choose their behavior in important situations is vital.

Keywords: religion, youth, value orientation.

Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал ету спектрі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.

Қазақстандағы ғалымдардың зерттеулері бойынша қазақстандық жастардың діни жағынан өсуі белгілі себептерге байланысты. Олар: кеңес үкіметі кезіндегі дінге қарсы саяси жағдай, жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы, өмір деңгейінің төмендеуі және халықтың көпшілік тұрғындарының саяси қорғансыз жағдайда болуы, сонымен қатар, қоғамдық табыстарының дифференциациялық құрт өзгеруіне, адамдарды біріктретін мемлекеттің идеологияның болмауына тікелей байланысты деп атап кеткен.

Қоғамның дінге деген түсінігінің әрқилы болғандығы тарихтан белгілі. Кейбір мемлекеттер бір дінді алға шығарып, соған сенуді әрбір адамзаттың міндеті ретінде санаса, кейбірінде халықтың құдай мен дінге деген сеніміне тұсау салынған. Ал, қазіргі таңда өркениеттік жолға түскен Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығы адам құқығы ретінде мойындалып отыр. Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал етуі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.

Ғаламдық әлеуметтік - мәдени қайта жаңару контекстінде діннің ықпалының нәтижесінде тек қана қоғам ғана емес, сонымен бірге діннің өзі де әлеуметтік факторлардың әсерінен трансформацияға ұшырайды. Дін өзгеріске ұшыраған жағдайлар үшін лояльді болып келіп, компромисс пен бейімделуге барып, діни ілімдер, әлеуметтік және этикалық доктриналар, ұйым формалары мен қазіргі заманғы діни құрылым қызметтерінің әдістеріне түзетулер енгізуде. Демек қазіргі таңда дүниежүзінде кең таралған діни ағымдар мен конфессиялардың әр алуандығы заман талабы болып отыр. Қоғам сұранысына байланысты негізін өркениеттік діндерден алып отырған түрлі дәстүрден тыс діни ағымдардан бастап, діни культтер, діни ұйымдар мен секталар санының ұлғаюы да осы себептен деуге болады. [1]

Соңғы уақыттарда Қазақстанда белсенді түрде дін мәселесі қарастырылуда. Көпшілік жұмыстар Қазақстандағы Ислам дінін зерттеуге арналған. Ғалымдар өз назарын көбінесе ислам дінінің қазақ жерінде таралуын оның тарихи аспектілеріне және кеңес уақытындағы исламның халық дәстүрінде сақталуын, сонымен қатар оның қазіргі кезге дейін сақталуын қарастыруда. Жалпы дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі. Егер дінді психологиялық жағынан қарастырсақ, дін - көпшілік адамдарға тұлғалық қорғау ресурсы ретінде болады, яғни дінде нормалық жүйе, белгілі ережелер және бұл қауіпсіздік гарантиясы болып табылады. Яғни адамдар үшін дін ол «психологиялық қауіпсіздік» ретінде негізделеді.

Дін үдерісі қоғамның әр саласымен тығыз байланыста болып үздіксіз дамуда болады. Дін үдерісінің нәтижесінде тұлғаның тек қана діни дүниетанымы ғана өзгеріп дами түспейді, сонымен қатар оның қоғамдағы орны, өзін сәйкестендіретін әлеуметтік тобы белгіленіп, үнемі даму үстінде болатын діни сана мен діни дүниетанымның нәтижесінде тұлғаның ішкі психологиялық қабылдаулары мен іштей қорыту процесстері арқылы діни психологиясы да дами түседі. Сонымен бірге, тұлғаның мәдени көзқарастары мен жүріс-тұрысы да өзгеріске ұшырайтыны анықталды.

Қазіргі таңда әлемде идеялар күресі жүріп жатыр. Халықаралық саясаттағы және мәдени ортадағы жаһандық өзгерістерді аңғарған жалған діни ұйымдар халықпен жұмыс жүргізу тәсілдерін өзгерте бастады. Олардың кез-келген ортаға бейімділігі радикалды тәсілдердің орнына заманауи уағыз насихат және білім беру технологияларын қолдануға мүмкіндік жасап отыр. Осының нәтижесінде жас ұрпақтың белгілі бір бөлігі түрлі теріс пиғылды ағымдардың, жалған діндердің шырмауына түсіп қалуы әбден мүмкін.

Қазақстан қоғамында орын алып отырған діни жағдайдың ұлттық қауіпсіздік негізінен қалыптасуымен тығыз байланысты болып табылады. Қазіргі кезеңдегі діни ағымдар мен діни ұйымдардың қызметтерінің қарқындылығы салдарынан діни жағдай күрделене түсуде. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша мұндай діни жағдайдың туындауы посткеңестік елдерде жиі кездесіп, идеологиялық ұстанымның құлдырауы нәтижесінде пайда болған діни ағымдар мен ұйымдардың құрамына жаппай адамдардың енуімен түсіндіреді. Зерттеушілердің келесі тобы адами құндылықтардың мәнсізденіп, рухани күйзеліске түсуі нәтижесінде тұрақты идеологиялық ұстаным тарап, орнына алуан түрлі діндердің пайда болуымен түсіндіреді. Посткеңестік кеңістіктегі өзге елдер сияқты Қазақстан Республикасы да ішкі діни жағдайды тұрақты қалыпта сақтап қалу мақсатында қажетті шараларды қолдануда. Дін саласындағы құқықтық нормалардың негізгілеріне тоқтала кетейік. 1991 жылдың желтоқсан айынан бастап, Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы көршілес ТМД мемлекеттері кеңістігіндегі сол кездегі көзқараспен діни мәселедегі ең алдыңғы қатардағы заң

болды деуге болады. Бұл заңның негізгі қағидасында «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар», - делінеді. Осы заңнан кейін республикада әр түрлі діни ағымдар пайда болып, шетелден келген миссионерлерде көбейе түсті. Бұған қоса діни білім аламыз деген қазақ жастары шетел мұсылман мемлекеттеріне ағылып кете бастағандығын да айта кеткен жөн. Ол мемлекеттердегі діни оқу орындары қай бағытта діни білім беретіні, діни білім беру формасы барып жатқан қазақ жастары тарапынан онша ескеріле қойған жоқ. Қазақ азаматтарының бір бөлігі діни сауаттылығын арттырамыз деп керісінше Қазақстан Республикасы азаматтарының ұстанған діни бағытынан өзгеше дәстүрлі емес діни бағыттарға бұрылып кетті. Бұл өз нәтижесінде ел ішіндегі тыныштықтың бұзылуына әкелді. Осыған байланысты Қазақстан үкіметі 2011 жылдың 11 қазанында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» [2] заңды қабылдады, ал діни мәселелерге байланысты жұмыстарды «Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі» реттейтін болды. Заңның қабылдануымен қоса үкіметтің шешімімен Қазақстан аумағындағы барлық діни конфессиялар мен діни бірлестіктер қайта тіркеуден өту керек болды. Нәтижесінде 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан өңірлерінде тіркелген 46 конфессияға біріккен 4551 діни бірлестіктердің 2012 жылдың 25 қазанындағы мәлімет бойынша 17 конфессияға біріккен 3088 діни бірлестіктері ғана қалды [3]. Бұл Қазақстан үкіметінің діни мәселелерді реттеудегі қабылданған заңымен қосарланған үлкен игі қадамы болып табылады. Діни бірлестіктердің кейбіреулері дін арқылы жақсылықты уағыздаймыз деп «жақсылыққа» апарар жолды террормен іске асыруды көздеп, Қазақстанның ұлт аралық бірлігін бұзуды көздеген ұйымдар болды. Олар өз идеологияларында осындай қадам арқылы жеңістерге жететініне кәміл сенді. Олардың ойынша бұл нағыз дұрыс жол болды. Бұл бір ислам дініне ғана тән құбылыс деп айтуға болмайды. Қандайда бір дінді алып қарастыратын болсақ ол діннің қасиетті, қара сөзбен айтса негізгі заңнамалық, «конституциялық» кітаптарында біреуді өлтір деп айтылмайды, керісінше шыдамдылық, сыйластық, бауырмалдық, достық көрсет делінген.

Христиандардың библиясы «таспен ұрғанды – аспен ұр», - деп келісімге келуге, «бір бетінді ұрса екіншісін тос», - деп шыдамдылыққа шақырса, мұсылмандардың құран хадистері мен аяттары абырлық пен адамгершілікке, түсіністікке шақырады. Жалған діни ағымдар мен секталардың интенсивті қызметі мен қазіргі халықтың дінге деген қызығушылықтары ел ішіндегі тұрақтылық пен келісімге қауіп төндіре бастады. Осы себептер Қазақстан үкіметінің дін мәселесіндегі бірқатар ірі қадамдар жасауына әкелді. Бірнеше терроризмді, экстремизмді дәріптейтін қозғалыстар мен бірлестіктердің жабылуымен Қазақстан жерінде жұмыс жүргізуіне тосқауыл қойылды. Бірақ дәстүрлі діндерге, оның ішінде ислам дінінің дәстүрлі бағытынан бөлек жол таңдаған күштер әлі де өз жұмысын Қазақстан жерінде тоқтатқан жоқ, керісінше жандандыруға тырысуда. Ал өздерінің негізгі жұмысының бағыты есебінде өз қатарларын толықтыру мәселесін күн тәртібінің бірінші кезегіне қойып тұр. Өз қатарын толықтыруда қандайда бір қоғамдағы күш бірінші кезекте жастарға басты назар аударады. Осы жерде, қазіргі кездегі қоғамымыздағы негізгі мәселе жастардың діни сауаттылығы мәселесі бірінші кезекке шығады. Жоғарыда айтылғандай, соңғы жылдары Қазақстанда діншілдік өсім тенденциясы басым. Көптеген мамандар жалпы халық санасындағы идентификациялық өлшемдердің нақты болмау себебі деп есептейді.

Адамдардың «жан-дүниелік қорғаныста» өмір сүруі шынайы қажеттіліктен туындап, өздерін моральды құндылық негізінде дінге жүгінуге мәжбүр етеді. Дін адамның жан дүниесіне көп ықпал ететін ерекшелікке ие. Діни өмір сүруді сезімдер, ойлар мен түсініктер, қалаулар мен идеалдар, әрекеттер, мерекетер, әлеуметтік қатынастар, моральдық және эстетикалық әрекеттер сияқты адамды зерделейтін барлық рухани кезеңдер ішінен қарастыруға болады. Адамның дінге бет бұруы оны жан дүниесіне бағыттап, біртіндеп өзіне икемдеуі және бүкіл әрекеттерінде діннің орын алуы жағынан дін психологиясы адамдық болмыстың барлық жағын қамтиды. Осыған қарағанда діни бейімділік пен қабілет, діни қатынастар мен қалаулар, діни сезім мен тәжірибелер, дін сенім мен жүріс-тұрыстар, дұға жасау мен ғибадат, тәубеге келу және құдай жолына түсу, діннен бет бұру және имансыздық, мистицизм мен сопылық өмір кешу дін психологиясының басты тақырыптарын құрайды. [4]

Егер адамдардан діннің не екендігін сұрасаң, көбінесе: «Дін-бұл сенім», - деп жауап беріп, содан кейін ғана ол неге сенетінін айтар еді. Шынымен де, адамдардың басым көпшілігі дінді сенім деп қабылдайды, әсіресе кез келген діндер адам өзін дінге сенетін адам деп санайды. Сенім - адамның қоршаған ортаға және ақиқатқа көзқарасын, қарым-қатынасын анықтайтын түсінік, білім, елес, идеялар. Сенім, наным - адамның белгілі бір мәліметтерді, құбылыстарды, ойлар мен көзқарастарды, пікірлерді еш күмәнсіз қабылдап, мойындауында көрінетін психиканың ерекше күйі. Сенім - адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Қажеттіліктерін орныда жолында адам дүниетанымдық көзқарасында, табиғат пен әлеумет заңдылықтары жөнінде ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды.

Діни сенім - «сенімнің» кең түсінігінің бір құрамдас бөлігі ғана, әйтсе де, адамның рухани өмірі үшін ерекше маңызды екені даусыз. Дін – халық мәдениетінің рухани негізі, баға жетпес құндылығы. Оның қоғамда алатын орны зор және ерекше, діни жоқ, яғни дінсіз қоғамды елестету мүмкін емес. Тарих қойнауына үңіліп, беттерін парақтасақ, қай ұлттың болмасын, қалыптасуы, даму қарқыны, көркеу үдерісі жайында тілі, діни, мәдениеті, өнері, кәсібі мол ақпарат береді. Дін ұзақ жылдар бойы, ғасырлар бойы қалыптасып таралған.

Сонымен қатар қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал етуі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда. Әсіресе қазіргі жастардың мешіттерге баруы, дінге бет бұруы қуантады, дегенмен әлі де болса ойланатын жайттар жеткілікті. Жастардың қоғамдағы салмағы жоғары. Адамдар білім алу, мамандық таңдау және қоғамда әлеуметтену, негізгі араласатын ортасын құру, рухани қағидаттар мен бағдарын қалыптастыру секілді негізгі әлеуметтік және демографиялық өмірлік кезеңдерінен дәл осы жас кезінде өтеді. Ойланатын жайт, әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан есею шағында жастар жағымсыз ықпалдарға да даяр тұрады. Жастар - бұл білім алған соң ертеңгі күні экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, білім салаларда ұстанымға ие болады, сондықтан ол белгілі бір дәрежеде көптеген тоталитарлық және деструктивті дәстүрлі емес діни ұйымдардың басты нысанасы болады.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» деп ұлағатты сөз айтты. Сондықтан, жастарды тәрбиелеуге, жан дүниесі рухани бай жастарды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет. Қазақстан Республикасының Діндер туралы заңында көрсетілгендей, Қазақстанда жалпы Орта Азияда дәстүрлі дін екеу: 1. Ислам діні; 2. Христиандық бағытындағы дін. Статистикалық мәліметтер бойынша дәстүрлі дін Ислам дініне бет бұрғандардың саны өте көп. Себебі, Ислам ата-бабаларымыздан бастап бүгінге дейін ұстанып келе жатқан-асыл дін.

Қазақстан облыстарына келетін болсақ, белсенді дінге сенушілер оңтүстік жақта көбірек, ал солтүстік жақтарда аз болып келеді. Бұның себебі, оңтүстік облыстарға шығыс менталитеты тән этникалық топтардың келуі болып табылады. Соның бірі хиджаб кию. Қазақстанда діни процестердің қайта жандануы діни топтардың қызметіне ғана емес, көпшілік арасында көрініс тапқан қала мәдениетіне де әсер етті. Ислам нышандары (мешіттер, мұсылман киім үлгілері мен тамақтандыру және т.б.) біртіндеп қала өміріне ене бастады. Осындай ислам мәдениетінің Қазақстанға енген айрықша және жаңа нышандардың бірі, ол - хиджаб. 1990-шы жылдардың аяғында еліміздің көптеген қалаларында мұсылманша бас орамал тартқан қыздар кездесе бастайды. Қазіргі заманғы қаладағы мұсылман әйелдің жолы ең алдымен, урбандалған ортада өмір сүру шарттарына, тарих беттеріндегі 70-жыл бойы мемлекеттің діннен бас тартып, исламды «ұлттандыруына» байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақстандағы әйелдердің діншілдігі мен этникалық (қазақ) мұсылман әйелдерінің арасында мұсылмандығын білдіретін жаңа белгілердің пайда болуын зерттеудің өзектілігі Орталық-Азия аумағындағы «ислам факторының» жандануына байланысты туындаған әлеуметтік мәселелердің шиеленісуімен айқындалады. Зерттеу- мұсылман әйелдерінің діндарлығын зерделеу маңыздылығында. Сонымен қатар, Қазақстан қалаларында қалыптасқан мәдениеттің сан алуан түрі мен секулярлы ортаның шарттарына сәйкес ислам бейнесін бейімдеудің жеке жағдайларын зерттеу болып табылады. Осы мақсатты алға тарта отырып хиджап киген қыздардан әлеуметтік зерттеу тәсілі арқылы терең интервью (глубинное интервью) алынды.

Хиджаб - діни идентификациясының символикалық маркері болып табылады. И.Гофман бойынша дисплейді (бұл жерде гендерлік дисплей) сыртқы бірегейлендіру белгілері, яғни киім мен іс-әрекетті түсінген жөн.[5] Бүгінгі таңда Қазақстандағы ислам жастар субмәдениетіндегі хиджап киген қыздардың мағынасы зор. Себебі олар жаңа мұсылмандық ортаны өзінше сипат беріп жасайтындар болып табылады. Егер қыздар діннің қатал талаптарын ұстануға тиіс екенін ескеретін болсақ, онда келесі сұрақ туындайды. Зайырлы қоғамда қыздардың хиджаб киюге шешім қабылдауына не себеп? Қазақстан қыздары мен әйелдері арасында көбінесе иектің астынан оралған, не түйреуішпен түйрелген хиджабты кездестіруге болады. Хиджаб – дененің кескінін жасырып, адамның беті мен қолын білектен ашық қалдырып, бас пен дене толығымен жабылуын талап ететін, мұсылман киімдірінің атауы.

Исламда мұндай киімді «сыртқы хиджаб» деп атайды. Сондай-ақ «ішкі хиджаб» деген ұғым бар. Ол мұсылман әйел ұстанатын ғадет нормаларының жиынтығын білдіреді. И.Гофманның айтуы бойынша, гендерлік дисплейде нақ осы орамал, қыздар үшін қажетті «айыру белгісі» қызметін атқарады. Қазақстанның қалаларындағы көптеген жас мұсылман қыздар зайырлы, әдетте атеистік үлгідегі отбасыларда тәрбиеленген. Олардың бала кезден қалыптасқан жүріс-тұрыс үлгісі ислам діні өкілдерінің құндылықтарына сәйкес келмейді. Себебі оларға берілген тәрбиеде мұсылмандықпен бірегейліктің қалыптасуына жағдай жасалған жоқ. Керісінше, олардың жастайынан орамал тартуға деген шешімі, кеңестік қоғамда әлеуметтенген ата-аналары тарапынан түсінбеушілік туғызды. Өздерін мұсылманбыз деп санайтын және ислам дінінің көптеген жоралғыларын ұстанатын, егде жастағы ақпарат берушілердің айтуынша, жас қыздардың орамал тартуы шектен шыққан тақуалық. Сәйкесінше тәжірибе жүзінде исламға апарар жол өзін-өзі тәрбиелеу және жасаған таңдауына үнемі ой жүгіртіп, өзін қайта қалыптастыру жолына айналады. Осылайша, қыз бала өзінен мұсылманды «жасайды». Осы «жасау» процесіндегі шешуші рөл басына орамал тарту тәжірибесі. Жас мұсылмандарының өмірбаяндарын зерделей келе, мынадай түйін жасауға болады. Басына орамал тарту әрекеті өмір тарихындағы бұрылысты сәт, осыдан бастап оның өмір сүру үлгісін кешенді өзгерту

процесі басталады.Орамал тәртіпті сақтау факторына айналған.

Қазіргі таңда дүние жүзінде үздіксіз жүріп жатқан халықаралық үрдістер кез келген елдің назары мен қатысуын талап етеді.Өйткені, әлемдегі кез келген ел осы өркениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, кез келген елдің өзін жеке дара өркениет деп те атауға болады. Дүиежүзінде маңызды орын алған Кеңес Одағының ыдырауы да халықаралық үрдістерде жаңа бір даму толқынының пайда болуына әсерін тигізді. Әсіресе Кеңес Одағының құрамында болған елдер үшін едәуір өзгерістер мен қайта қалыптасу сияқты маңызды мәселелер алға шықты. Ендігі жағдайда адамдар арасындағы идеологиялық, саяси немесе экономикалық ерекшеліктер маңызды емес, мәдени ерекшеліктер маңызды рөл атқара бастады. Қазіргі таңда елдер мен ұлттар кез келген адам кездестіретін «Біз кіміз?» деген сұраққа жауап іздеуде. Адамдар дәстүрлі түрде өздері үшін маңызы зор түсініктермен: шығу тегі, дін, тіл, тарих, құндылықтар, салттар мен қоғамдық институттар арқылы жауап береді. Олар өздерін мәдени топтар арқылы бірегейлендіреді:тайпалар, этникалық топтар, діни қауымдар, ұлттар, тіптен ең кең түсінікте өркениеттермен бірегейлендіреді. Бірегейліктерін анықтамай адамдар өз қызығушылықтары мен мақсаттарын іске асыру үшін саясат бағытын да анықтай алмайды. Алдыңғы қатарда мәдени бірегейлену мәселесі басты мәселелердің біріне айналады. Дін мәдениет формасы ретінде мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады.С.Хантингтонның өркениеттер қақтығысы теориясына сүйенсек әлемде діни өркениеттер қақтығысы орын алады. Әйтсе де американ саясаттанушысының тұжырымдарымен келіспеуге болмайды.Дүниежүзінде діни негіздегі қақтығыстар жиі кездесіп отырады. Алайда, дін басым жағдайда ұлттар мен халықтарды біріктіруші қызмет атқыратындығы мәлім. Қай жақтан қарастырмасақ та, діни жағдай өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Қазіргі таңдағы әлемдегі жаһандану үдерісінде түрлі өркениеттік, мәдени, халықтар арасы қатынастар орын алып жатыр. Түрлі діндердің, мәдениеттер, тілдер мен алуан түрлі этностар осы қатынастардың негізі болып табылады.«Қырғи-қабақ» соғыстан кейін дүниежүзінде болып жатқан түрлі деңгейлердегі үдерістер жаңа сипатқа ие болды.Кеңес Одағының ыдырауынан кейін бір идеологияға бағынған халықтар өздерінің шығу тегі, өз этно-мәдени құндылықтарына, діни мен тіліне мән бере бастады. Қазіргі кезеңде мәдени идентификация алдыңғы қатардағы мәселелерге айналып отыр. Сонымен бірге, қазіргі қоғамдардың басым көпшілігінде өзекті әрі көкейтесті мәселелердің біріне айналып отырған дін мәселесі болып табылады. Өркениеттік діндермен қатар соңғы жылдары кең таралған және саны мен сипаты жағынан алуан түрлі болып келетін жаңа діни ағымдар, діни ұйымдар, діни бірлестіктер, секталар мен діни культтер қоғамдық процесстерге белсене қатысып, қоғам дамуына ықпалын тигізуде.

Қазақ үшін дін – дүниеден тыс тұрған әлдебір тылсым күш емес, қазақтың тал бесіктен жер бесікке дейінгі бүкіл тұрмыс-тіршілігін, дәстүрін, дүниетанымын көктей өтіп жатқан негізгі арқау болатын. Бұл жерде өздері қол жеткізген кәсіби діни сана арқылы исламның негізгі қағидаларын халықтың жүрегіне жақын, санасына қонымды тілмен түсінікті етіп жеткізе білген ұлттың ағартушы ұстаздары мен дін ғұламаларының үлесі зор. Солардың ерен еңбегінің нәтижесінде қазақ халқы исламның рухын сезініп, жанымен қабылдады.

Қазіргі таңда дін қоғамда маңызды орын алады, әсіресе жастар арасында діннің кең таралуы байқалады. Соңғы кезде кең таралған діни ағымдар мен діни ұйымдардың белсенді қызметтерінің нәтижесінде жастардың басым көпшілігі діни ұйымдардың мүшелеріне айналып отыр.Сонымен қатар, жастардың да дінге деген қызығушылығы соңғы кездері артқандығын да айта кету керек.Қазіргі Қазақстан жастарының арасында дінге деген қызығушылық артуда және олар өздерінің дінге деген қатыстылығына негізгі екі фактордың: отбасының ықпалы мен жастардың өздерінің жеке тәжірибесі мен бақылауының нәтижесінде қалыптасады.Сәйкесінше, қазіргі жастардың дүниетанымындағы басты құндылық ол – отбасы болып табылады.Отбасынан үлгі алады, отбасын құрметтейді, жоғары бағалайды.Сонымен бірге, жастардың пайымдауынша, олардың діни негізі болып өздерінің жеке тәжірибесі мен өз бақылауы болып табылады, яғни қазіргі жастардың жалпы дүниетанымы толыққанды қалыптасып, олар ішкі рухани өміріне ерекше мән береді.Маңызды шешім қабылдауда жеке тәжірибесі мен бақылауын жетекшілік етеді; - жастардың ортасында дін туралы білімнің маңыздылығы терең, жоғары бағаланады дін халықтың рухани негізі ретінде тұжырымдалады.Қазіргі жастардың дін туралы білімі тек қана діни мерекелер мен салттарды білу,сонымен қатар өз діндерінің пайда болуы мен шығу тарихын білумен ғана шектелгенімен, дін туралы білім алуға қатты қызығушылық байқалады.

Адамның бойындағы ең басты қасиет - ол таным және сенім.Таным кез-келген заттың, құбылыстың мәнін, сипатын, ерекшелігін білу және сезіну арқылы қалыптасады. Қазіргі жастар – ақыл-ойы терең, барлық заманауи технологиялық құралдарды меңгеруге, кез-келген жаңалықтарды меңгеруге белсенді. Сондықтан, жастардың рухани-танымдық жан дүниесін байыту және тәрбиелеу үзіліссіз, жүйелі жүргізілгені дұрыс. Қоғамның діни өмірінің өзіндік ерекшеліктерін жастарға жеткізіп отыру қажет. Кез-келген мемлекеттің болашағы жастардың мәдени дамуы мен біліміне байланысты болады.Сондықтан, қоғамда тұтас халықпен, соның ішінде жастардың діни білімдерін үнемі арттырып, дұрыс бағыт-бағдар беру бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып қала береді.[6]

Қорыта келгенде, құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы,

қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы. Ол қашанда әлдекімнің (немесе әлдененің) бағалылығын, яғни объективті болмысты және сонымен бір мезетте оның әлдекім (немесе әлдене) үшін құндылығын, яғни субъективті бағалауды білдіреді. Құндылық бағдар ұғымына келетін болсақ, ол – тұлғаның бағыттылық компоненті. Ол бөлінген және ішкі жағынан қабылданған материалды және рухани құндылықтар, яғни өмірлік шарттарды және әрекеттерді қабылдауға байланысты субъективті жағынан маңыздылығы. Қазіргі кездегі жастардың құндылықтарына келетін болсақ олардың білімге деген көзқарасы өзгерді. "Жақсы білім – ертеңгі болашағың" деген қағида саяды. Олар білімнің сапасына, оқытушылардың біліктілігіне көңіл аудара бастады. Олар саяси ұйымдар мүшелігімен өз ойларын білдіруде. Тәжірибе көрсетіп отырғандай жастардың жаңа әлеуметтік концепциялары болып өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі бекіту, өзін-өзі әрекет ету болып табылады. Бұл концепциялар жастар үшін маңызды. Өйткені жастар Қазақстан қоғамында өзі қандай орын алатынын анықтап, өзінің Қазақстан азаматы ретінде қандай міндет атқаратынын, яғни, өзін-өзі танып білуі қажет.

Әдебиет:

1. Орынбеков М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. Алматы 2002ж.120-б.
2. Религиозные объединения в Республике Казахстан. Астана, 2012 г.20 стр
3. Балаева А.Г. Социологические модели изучения этнической и религиозной идентификации молодежи в условиях социальной реальности Казахстана (в соавторстве) Вестник АГУ при Президенте РК №2. 2010. Стр39
4. Мұханов Қ., Әйтімбетова Г. Діндер тарихы мен теориясы және еркін ой.-Алматы, Республикалық баспа кабинеті.-2004 ж. , С.112-119
5. Ақназаров Х. З. Ислам діні және өмір шындығы. Алматы, 2000.- 66 б.
6. Курганская В.Д., Дунаев В.Ю., Косиченко А.Г., Подопригора Р.А., Садовская Е.Ю., Чупрынина И.Ю. Влияние религиозных организаций на молодежь в Казахстане (Научно-исследовательский отчет). – Алматы: Центр гуманитарных исследований, 2003. – 159 с. – С. 54.

Literature:

1. Orynbekov MS Kazakh senimderiniń bastaulary. Almaty 2002zh.120-B.
2. Religious associations in Kazakhstan. Astana 2012 g.20 page
3. Balaeva AG Sociological study of the model of ethnic and religious identification of young people in terms of social reality in Kazakhstan (together) Herald ASU RK President №2. 2010. Str39
4. Мұханов Қ., Әйтімбетова Г. Dinder tarihy changed teoriyasy zhane Erkin oy. Almaty, Respblikalyқ BASPA kabineti. 2004 w. , S.112-119
5. Aqnazarov H. Z. Islam dini zhane emir shyndyfy. Almaty, 2000.- 66 b.
6. Kurgan VD, VU Dunayev, Kosichenko AG, Podoprighora RA, Sadovskaya EY, Chuprynin IY Influence of religious organizations for young people in Kazakhstan (Research Report). - Almaty Center for Humanities Research, 2003. - 159 p. - S. 54.

Сведения об авторах:

Урдабаева Л.Е. – тарих ғылымдарының кандидаты, психология магистрі, доцент, психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті. Қостанай к., Абай к., 42/1 – 49, тел. 87774475026, e-mail: lazer888@mail.ru

Урдабаева Л.Е. - кандидат исторических наук, магистр психологии, доцент, зав. кафедрой психологии и педагогики, Костанайский государственный университет им. А. Байтұрсынова. Г. Костанай, ул. Абая 42/1, кв. 49, тел. 87774475026, e-mail: lazer888@mail.ru

Urdabaeva L.E. - candidate of history sciences, Master of Psychology, Associate Professor, A.Baitursynov Kostanay State University. Kostanay. Abay st. 42/1 – 49, phone. 87774475026, e-mail: lazer888@mail.ru.